

ЖАҢАЛЫҚТАР

Литва АҚШ-тың ядролық қаруын қабылдауға дайын екенін мәлімдеді

4 маусым 2026 жыл, 08:38



АҚШ-тың

Литваның қорғаныс министрі Робертас Каунас Вильнюс пен Вашингтон арасында Литвада Американың ядролық қаруын орналастыру мүмкіндігі жөнінде келіссөз жүріп жатқанын хабарлады. Бұл жөнінде [Politico](#) жазды.

“Талқы жалғасып жатыр. Литва, сөзсіз, тасада қалмайды” деді Каунас.

Литва Конституциясы ел аумағында жаппай қырып-жоятын қаруды орналастыруға тыйым салады. Литва президенті Гитанас Науседа қазір төніп тұрған қауіпсіздік мәселелерін алға тартып, негізгі заңды өзгертуді [ұсынған](#). Мұны көптеген литвалық депутаттар қолдады.

Бұған дейін Financial Times үш дереккөзге сүйене отырып, АҚШ НАТО бойынша Еуропадағы әріптестерімен бірге Американың ядролық қаруын орналастыру

мәселесін талқылап жатқанын **жазған**. ҒТ жазуынша, оған Польша мен Балтық елдері қызығушылық танытқан.

Ресей “қаруын көбейтіп жатқан шақта” мамырдың соңында Норвегия Францияның “ядролық қолшатырына” қосылатынын мәлімдеген.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ